SHARP

ҚАЗАҚША

Мұздатқыш камерасы бар үй тоңазытқышы пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Мазмұны

- Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат 3
- Орнату 5
- Сипаттауы 6
- Пайдалы режимдер 7
- Басқару панелі (SJ-XP59PG) 8
- Басқару панелі (SJ-XE55PM, SJ-XE59PM) 10
- Өнімдерді сақтау 12
- Күтім көрсету және тазалау 13
- Сервис қызметіне жүгіну алдында 14

«Plasmacluster» және «Device of a cluster of grapes» Sharp корпорациясының тауар белгілері болып табылады.

SJ-XE55PM
SJ-XP59PG
SJ-XE59PM

4783935

ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ШАРП ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШЫ
ҮЛГІСІ SJ-XE55PM
SJ-XP59PG
SJ-XE59PM
ТЕСТБЭТ компаниясымен сертификатталған

(Мемлтізілімде тіркелген нөмірі - РОСС RU.0001.11 ME10)

үлгісі SJ-XE55PM SJ-XP59PG SJ-XE59PM нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді:	КО ТР 004/2011, КО ТР 020/2011

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Ресей Федерациясы заңының 5-бабын, сондай-ақ Ресей Федерациясы Үкіметінің 1997 жылғы 16 маусымдағы №720 Жарлығын орындау мақсатында осы үлгінің қолдану мерзімі – пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және қолданылатын техникалық стандарттарды қатаң сақтау талабы орындалған жағдайда өндірілген күннен бастап 7 жыл болып белгіленеді.

- **Электр тоғымен зақымданудан қорғаныс класы I**
- **Энергия тиімділігінің класы A++**
- **Атаулы кернеуі 220-240V~**
- **Атаулы жиілігі 50Hz**

Өндірілген күні сериялық нөмірде көрсетілген

SERIAL No. 3 1 0 1 0 1 2 3 4 5

Жылы	Айы
10 : 2010	01 : Қаңтар
11 : 2011	02 : Ақпан
12 : 2012	03 : Наурыз
13 : 2013	: :
: :	12 : Желтоқсан

ТОҢАЗЫТУ АСПАПТАРЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Өндіруші:	SHARP	
Үлгісі:	SJ-XE55PM	*1
Электр энергиясының төмен шығыны A B C D E F G Электр энергиясының жоғары шығыны	A++	*2
Электр энергиясын тұтыну, кВт. сағ/жыл	**350**	*3
Балғын өнімдерді сақтауға арналған жалпы көлем, дм³	**388**	*4
Мұздатылған өнімдерді сақтауға арналған көлем, дм³	**148**	*5
Ең суық бөлімшенің таңбалау нышандары	****	

Өндіруші-ел:
Таиландта өндірілген
Өндіруші фирма:
ШАРП Корпорейшн
Өндірушінің заңды мекенжайы:
1 Такуми-чо, Сакаи-ку, Сакаи Сити,
Осака префектурасы 590-8522, Жапония

Ресейге импорттаушы:
«Шарп Электроникс Раша» ЖШҚ
Мекенжайы:
Ресей, 119017, Мәскеу, Большая Ордынка көш., 40/4
Телефоны:
+7-495-411-8777

*1	*2	*3	*4	*5
SJ-XP59PG	A++	360	430	148
SJ-XE59PM	A++	360	430	148

Сізге SHARP фирмасының осы бұйымын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сіздің SHARP тоңазытқышыңызды пайдаланар алдында, өтінеміз, Сіздің тоңазытқышыңыздан барынша пайда шығару үшін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз.

- Бұл тоңазытқыш мұз текшелерін жасау, тамақ өнімдерін салқындату және мұздату үшін тағайындалған.
- Бұл тоңазытқыш айрықша түрінде кестеде көрсетілген қоршаған орта температурасы болған кезде тұрмыстық пайдалану үшін тағайындалған. Климаттық класс техникалық деректері бар паспорт тақтайшасында көрсетілген.
- Тоңазытқыш көрсетілген климаттық кластың қоршаған температурасы ауқымында толығымен атқарымдық болып табылады. Егер тоңазытқыш өте суық температураларда пайдаланатын болса, тоңазытқыш +5 °C температурасына дейін зақымданбайтын болады.
- Тоңазытқыш -10 °C немесе төмен температура әсеріне ұзақ уақыт ұшыратылмауы тиіс.

Тұрмыста пайдалану үшін ғана

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасының рұқсат етілген ауқымы
SN	+10 °C бастап +32 °C дейін
N	+16 °C бастап 32 °C дейін
ST	+16 °C бастап +38 °C дейін
T	+16 °C бастап +43 °C дейін

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат

⚠	**Ескерту**	Бұл өліммен немесе жарақат алумен аяқталатын жоғары қауіптің болуын білдіреді.
⚠	**Абайлаңыз**	Бұл материалдың зақымдануын немесе физикалық залалдың жоғары қауіпінің болуын білдіреді.

⚠ Ескерту

Салқындатқыш агент

Тоңазытқыштың құрылымында өртке қауіпті салқындатқыш агенттер (R600a: изобутан) және оқшаулағыш газ (циклопентан) бар. Тұтануын немесе жарылуын болдырмау үшін келесі ережелерді сақтаңыз.

- Үшкір заттардың салқындату жүйесімен түйісуін болдырмаңыз. Тоңазытқыштың артқы жағындағы және ішіндегі салқындату жүйесінің құрамында салқындатқыш агент бар.
- Еріту процесін тездету үшін механикалық керек-жарақтар мен басқа да құралдарды пайдаланбаңыз. (Осы тоңазытқыштың автоматты еріту жүйесі бар.)
- Электр құрылғыларын тоңазытқыштың ішінде пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштың айналасында жеткілікті кеңістікті бұғаттамаңыз.
- Аэрозоль бояуы секілді тұтанатын бүріккіштерді тоңазытқыштың жанында пайдаланбаңыз.
- Салқындату жүйесі жарамсыз болған жағдайда розеткаға тимеңіз және ашық отты пайдаланбаңыз. Терезені ашыңыз және орынжайды желдетіңіз. Кейін осы құрылғыны жөндеу үшін SHARP компаниясының сервис қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті агентін шақырыңыз.

Орнату

- Осы тоңазытқышты ылғалды немесе су жерге қоймаңыз, себебі оқшаулағыштың ішінде ағуды тудыратын ақаулық пайда болады. Осыған қоса, конденсат болып жиналған газдар тоңазытқыштың сыртында жиналуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тегіс және тұрақты еден бетіне орнату керек.

Күштік кәбіл, ашалық айыры, розетка

Электр тоғымен зақымданудың немесе тұтанудың алдын алу үшін келесі ережелерді мұқият оқыңыз.

- Ашалық айырын тура розеткаға сенімді түрде қосыңыз. Ұзартқыш баусымды немесе жалғастырғыштың ашалық айырын пайдаланбаңыз.
- Ашалық айырын минималды талап етілетін кернеуі бар розеткаға қосыңыз.
- Жерге тұйықтайтын өзекшені жерге тұйықтау қысқышына тиісті түрде қосыңыз.
- Электр қуатының баусымы орнатқан немесе жылжытқан кезде бұзылмағанына көз жеткізіңіз. Егер ашалық айыры немесе баусым босап қалса, ашалық айырын қоспаңыз.
- Ашалық айырын ылғал қолыңызбен ұстамаңыз.
- Ашаны розеткадан суырып алу жолымен негізгі қуаттау көзінен ажыратыңыз. Ашаны суырған кезде электр қуатының баусымынан тартпаңыз.
- Ашалық айырындағы шаң өрттің себебі болуы мүмкін. Оны мұқият сүртіңіз.
- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт пайдаланбаса, ашаны суырып алыңыз.
- Иілгіш электр баусымы зақымданған жағдайда оны SHARP аппаратурасын жөндеу құқығы болатын сервистік қызмет көрсету жөніндегі агент ауыстыруы тиіс, себебі ерекше баусым қажет болады.

Пайдаланған кезде

- Эфир, бензин, пропан, аэрозолі бар баллондарды, желімдегіш заттарды, таза алкоголь секілді ұшпа мен жанғыш заттектерді және т.б. сақтамаңыз. Осындай заттар оңай жарылады.
- Фармацевтикалық бұйымдар секілді, температура өзгеруіне сезгіш өнімдерді тоңазытқыштың ішінде сақтамаңыз. Өнім сапасы өзгеруінің жоғары қауіпі бар.
- Осы тоңазытқышты қайта жасамаңыз. Жөндеу мамандары жүргізетін бөлшектеу мен жөндеу өртке, электр тоғымен зақымдануына немесе жарақаттануына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тоңазытқыштың үстінен ешқандай заттарды қоймаңыз. Жоғарыдан құлаған кезде зат жарақат келтіруі мүмкін.
- Бұл аспапты 8 жасқа толған және одан да үлкен балаларға және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін тұлғаларға, егер олар аспапты қауіпсіз тәсілмен пайдалану жайында бақыланатын және басқарылатын болса және қатысу қаупін түсінетін болса, пайдалануға болады. Балалар аспаппен ойнамауы керек. Тазартуды және техникалық қызмет көрсетуді қараусыз қалған балалар орындамауы тиіс.

Күтім көрсету және тазалау

- Электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін ең алдымен тоңазытқышты желіден ажыратыңыз.
- Тоңазытқыштың тура сыртқы немесе ішкі қабатына су шашырамаңыз, бұл тот туындауына және оқшаулаудың зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін.

Ақаулық

- Егер жанған иісін сезетін болсаңыз, ашалық айырын дереу суырып алыңыз. Кейін осы құрылғыға қызмет көрсету үшін SHARP компаниясының сервис қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті агентін шақырыңыз.
- Газ жылыстаған жағдайда терезені ашып, орынжайды желдетіңіз. Тоңазытқышқа немесе розеткаға тимеңіз.

Кәдеге жарату

- Тоңазытқышты кәдеге жарату үшін сақтаған кезде тоңазытқыш балалар үшін қауіп төндірмейтініне көз жеткізіңіз. (мысалы, бала ішінен жабылмауы үшін есік контурының магнитті тығыздауыштарын алып тастаңыз.)
- Осы тоңазытқышты тиісті түрде кәдеге жарату керек. Тоңазытқышты тұтанатын салқындатқыш агенттерді және оқшаулағыш газдарды қайта өңдеу жөніндегі кәсіби зауытқа жеткізіңіз.

⚠ Абайлаңыз

Тасымалдау

- Тоңазытқышты орнатқан немесе тасымалдаған кезде еденді зақымданудан қорғауға арналған кілемшені пайдаланыңыз.
- Тоңазытқышты, оның артқы жағында және төменде орналасқан тұтқалардан ұстап, тасымалдаңыз. Тоңазытқышты көтерген кезде ол жарақат келтіруі мүмкін.



Пайдаланған кезде

- Компрессор агрегатына немесе оның шеткері бөліктеріне қол тигізбеңіз, себебі жұмыс істеген кезде олар қатты қызуы мүмкін, ал металлды жиектері жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Мұздату камерасында өнімдерді және металлды контейнерлерді ылғалды қолыңызбен ұстамаңыз. Бұл қолдың үсуіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- Бөтелкелердегі немесе қаңылтыр банкілердегі сусындарды мұздату камераларына салмаңыз. Әсіресе «Тез салқындату» атқарымы жұмыс істеген кезде шыны бөтелкелердің жарылудың жоғары қауіпі бар.
- Мұз текшелерін әзірлеу үшін ауыз суды пайдаланыңыз.
- Басқа адамдар есікшенің жанына қолын салған кезде есікшені ашпаңыз немесе жаппаңыз. Есікше басқа адамдардың саусақтарын қысып қалу қауіпі бар.
- Өте үлкен мөлшердегі заттарды есік бөліктеріне салмаңыз. Егер зат бөліктен құлайтын болса, бұл жарақат келтіруі мүмкін.

Орнату

1 Тоңазытқыштың ауа айналымы жеткілікті болу үшін бос кеңістік қалдырыңыз.



- Суретте тоңазытқышты орнату үшін қажет болатын минималды бос кеңістік көрсетілген. Энергия тұтыну мөлшері кеңістік өлшемдеріне байланысты болады.
- Тоңазытқыш айналасында кеңістік жеткілікті болса, оның энергия тұтыну мөлшері аз болуы мүмкін.
- Көлемі аз болған кеңістікте тоңазытқышты пайдалану құрылғы температурасының көтерілуін, қатты шуыл мен жарамдылықты тудыруы мүмкін.
- Тоңазытқыштың артқы жағымен және қабырғаның арасында кеңістік 60 мм немесе одан да артық, бірақ 75 мм аз емес болуы тиіс. Егер кеңістік 75 мм-ден кең болса, сіз жұмыс істеген кезде қатты қызатын компрессорға және оның шеткері бөліктеріне тиіп кетіп, жарақат алуыңызға болады.

Ескертпе

- Тоңазытқышты ашалық айырына қолжетімділік болатындай етіп, орнатыңыз.
- Сіздің тоңазытқышыңызға тікелей күн сәулелерінің әсерін болдырмаңыз және оны жылыту қондырғылары мен батареялардың жанында орнатпаңыз.
- Тоңазытқышты тура беткі қабатта орнатпаңыз. Тоңазытқыштың астына тиісті түпқойма, мысалы, ағаш қалқанды орнатыңыз.
- Егер есігі ашық болып, ашалық айырын розеткаға салсаңыз, ашық есік сигналы естіледі, бірақ бұл қалыпты болады. Есікті жапқанда сигнал тоқтайды.

Тоңазытқыштың мұздату камерасын пайдаланар алдында

Ішкі бөліктерін жылы сумен суланған мата көмегімен тазартыңыз. Сабынды суды пайдаланған жағдайда оны сумен мұқият шайыңыз.

Пайдалану кезінде қажетті жалпы кеңістік



2 Аяқшалардың тіректерін салу үшін кеңістікті қамтамасыз ету мақсатында алдыңғы жағындағы екі реттелетін аяқшаны бұрыңыз. (Аяқшалардың тіректері тоңазыту камерасының ішінде қапталған.) Тіректерін орнатқаннан кейін тоңазытқышты тұрақтандыру үшін екі аяқшаны реттеңіз.



- Тіректерін орнатқан кезде тоңазытқыш сәл артына қарай еңкейеді. Тоңазытқышты орнықты орнату тиімді болып табылады.

3 Корпустың төменгі бөлігінде 2 бұраманы алып тастаңыз және осы бұрамаларды аяқтың қақпағын орнату үшін пайдаланыңыз. (Аяқтың қақпағы тоңазыту камерасының ішінде қапталған.)



Сипаттауы



SJ-XP59PG



SJ-XE55PM, SJ-XE59PM

1. Мұздату камерасының жарығы
2. Мұздату камерасының сөресі
3. Мұз текшелерін әзірлеуге арналған секция
1) Осы науаны аса толтырып су құймаңыз. Кері жағдайда мұздатқанда мұз текшелері өзара жабысып қалады.
2) Мұз текшелерін әзірлеген кезде мұз текшелеріне арналған контейнерге мұз салу үшін иінтіректі сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.



4. Мұз текшелеріне арналған қорап
Ескертпе
Мұз текшелеріне арналған контейнердің зақымдануының алдын алу үшін контейнерге май құймаңыз және онда мұз жасамаңыз.
5. Балғын өнімдерге арналған камера және есік
6. Басқару панелі
7. Иіс кетіретін элемент
Салқын ауа берілетін жолдарда иіс кетіретін шапшаңдатқыш орнатылған. Қандай да бір әрекеттер және тазарту қажет емес.
8. Тоңазытқышты жарықтандыру
9. Жылдам қолжетімділік сөресі
Осы сөрені шығарып алуыңызға болады.
10. Тоңазытқыш сөресі
SJ-XE55PM: 1 дана.
SJ-XP59PG, SJ-XE59PM 2 дана.



11. Гибридті салқындату панелі
Бұл панель тоңазыту камерасын артынан жанама түрінде салқындатады. Өнімдер осындай тәсілмен салқындату кезінде біртінде суытылады да суық ауа ағынына ұшырамайды.
12. Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған сөре
13. Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған секция (2 дана.)
14. Реттелінетін аяқша (2 дана.)

15. Аунақша (4 дана)
Аунақшалар тоңазытқышты жылжытуға мүмкіндік береді.



Аунақша

16. Аяқ қақпағы
17. Есік контурының магнитті тығыздауышы (2 дана.)
18. Мұздату камерасы есікшенің бөлігі (2 дана.)
19. Жұмыртқа салғыш
20. Жұмыртқаларға арналған есіктегі бөлімше
SJ-XE55PM: 2 дана.
SJ-XP59PG, SJ-XE59PM: 1 дана.

21. Тоңазыту камерасының бөлігі (Жоғарғы)
(Тек SJ-XE59PM үлгілері үшін)
22. Бөтелкелерге арналған бөлік
23. Тоңазыту камерасының бөлігі (Төменгі)



SJ-XE55PM

Егер тоңазытқыштан ішкі керек-жарақтарын алып шығарсаңыз, онда қалыпты салқындату жұмыс істеген кезде көбірек өнім сақтауға болады
Сізге келесі керек-жарақтарды алып тастауыңызға болады.
2. Мұздату камерасының сөресі
3. Мұз текшелерін әзірлеуге арналған секция
4. Мұз текшелеріне арналған қорап
5. Балғын өнімдерге арналған камера және есік
9. Жылдам қолжетімділік сөресі
10. Тоңазытқыш сөресі
13. Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған секция



Пайдалы режимдер

Операциялар туралы ақпаратты «Басқару панелі» тарауынан қар.

⬡ Қосымша салқындату
❄ Тез мұздату
❄ Тез салқындату



	Қосымша салқындату	Тез мұздату	Тез салқындату
Атқарым	Бұл режим сусындар мен тамақ өнімдерін мұздаған күйіне дейін салқындатуға арналған. Ескертпе: Ылғалдылығы жоғары тамақ өнімдері мұздатылуы мүмкін.	Бұл режим тамақ өнімдерін мұздату уақытын ұзартады.	Бұл режим сусындарды немесе тамақ өнімдерін тез суытуға арналған.
Пайдаланар алдында	Балғын өнімдерге арналған камера	Мұздату камерасы	Мұздату камерасы Абайлаңыз: Шыны бөтелкелерді салмаңыз. Олардың жарылу қауіпі өте жоғары болады.
Жұмыс уақыты	6 сағат *1	2 сағат *1	30 минут
	• Бұл режим автоматты түрде аяқталады. • Ескерту сигналының дыбысы естілмейді.		• Бұл режим автоматты түрде аяқталады. • Ескерту сигналы естіледі.
			Ескерту сигналын тоқтату үшін *2
			Енгізубатырмасын басыңыз.  немесе «Тез мұздату» батырмасын басыңыз. 
Жұмысты аяқтағаннан кейін	• Сусындарды немесе тамақ өнімдерін шығару қажеттілігі жоқ.		• Ескерту сигналы естілгенде сусындарды және, тамақ өнімдерін міндетті түрде шығарыңыз. • Егер сусындар мен тамақ өнімдерін мұздату камерасының бөлімшесінде шамамен 30 минутқа қалдырсаңыз, олар қатып қалуы мүмкін.
Жұмыс істеген кезде электр қуаттау іркілісі болғанда	• Бұл режим автоматты түрде сөнеді.		• Бұл режим электр қуаттауды қайтадан іске қосқан кезде бұрын болған күйінен автоматты түрде іске қосылады.

*1 Егер жұмыс істеуі ерітумен қатар болса, аяқтау үшін көбірек уақыт керек болады. Бұл режим ерітуді аяқтағаннан кейін басталады.

*2 Егер ескерту сигналын тоқтатпасаңыз, ол үзіліссіз 30 минут дыбысталатын болады.

ion «Plasmacluster» ионизаторы

Егер тоңазытқыштың ішінде тазалықты сақтағыңыз келсе, осы атқарымды пайдаланыңыз.

Сіздің тоңазытқышыңыздың ішіндегі ионизатор иондарды өндіреді, олар тоңазыту камерасындағы оң және теріс топтық массалар болып табылады. Осы топталған иондар ауамен тасымалданатын өңез саңырауқұлақтарын қайта белсендіреді.



Ескертпе

- Тоңазытқыштың ішінде әлсіз иіс болуы мүмкін. Бұл ионизатормен өндірілетін озон иісі. Озон мөлшері тоңазытқышта минималды болады да тез кетеді.

Ескертпе

- Қосымша салқындату, тез мұздату және тез салқындату бір режим жұмыс істеген кезде бір мезгілде қолжетімсіз болады.
- Осы режимдер кезінде есікті барынша ұзақ уақыт ашпаңыз.

Энергияны үнемдеу

(Тек SJ-XP59PG үлгілері үшін)

Егер тоңазытқыштың энергия үнемдеу операциясын іске қосқыңыз келсе, осы атқарымды пайдаланыңыз.
Осы атқарым жұмыс істеген кезде тоңазыту камерасының және мұздату камерасының ішкі температурасы бұдан әрі келетін қалыпты жұмыс температурасынан жоғары болады. Көрсетілетін температураны өзгертуге болмайды.

	Мұздату камерасы	Тоңазыту камерасы
«Энергияны үнемдеу» режимінде	Шам. плюс 1 °C	Шам. плюс 2 °C

(Температура F күйіне орнатылғанда: -18 °C, R: 3 °C.)
Егер сусындар жеткіліксіз суытылған болса немесе мұз әзірлеу көп уақыт алатын болса, осы режимді сөндіріңіз.

Ескертпе

- Энергия үнемдеу әсері пайдалану әсеріне байланысты болады (температура реттеу, айналадағы температура, есік ашу мен жабу жиілігі, өнімдердің мөлшері).

Басқару панелі (SJ-XP59PG)



Температураны реттеу

Белгіленуі	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
F	Мұздату камерасы	-18°C
R	Тоңазыту камерасы	3°C

Пайдалы режимдер

Белгіленуі	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
⬡	Қосымша салқындату	СӨНД.
❄	Тез мұздату	
	Тез салқындату	
ion	«Plasmacluster» ионизаторы	
	Энергияны үнемдеу	

Қосымша режимдер

Индикатор	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
	Ашық есікше сигналы	ҚОС.
	Батырма іске қосылудың дыбысы	

Ескертпе

- Сіз бір батырмалардың біреуі басқан кезде барлық пиктограммалар бір рет жыпылықтайды да күту режимінің дисплейі көрсетіледі. Егер тоңазытқыш қуаттау іркілісі себебінен сөндірілетін болса, «Тез салқындату» және «Тез мұздату» қоспағанда, барлық режимдер электр қуаттауды қайтадан іске қосқанға дейін жұмыс істей береді.
- Мұздату камерасының есігі ашық болғанда операция жарамсыз болады.
- Режим пиктограммалары мен жұмыс индикаторлары күту режимінің дисплейінде жанады. «Тез салқындату» режимі жұмыс істеген кезде, пиктограмма күту режимінің дисплейінде жыпылықтайды.
- Операциялар 1 минуттай уақытта болмаған кезде дисплей күту режимінің дисплей күйіне қайта оралады. Егер келесі бір минут ішінде операциялар болмаса, күту режимінің дисплейі сөндіріледі.



Іске қосылған күйі

Пайдалы режимдердің операциялары

		Дисплей	
1	Режим пиктограммасын таңдаңыз.	(мысалы, «Қосымша салқындату») Жыпылықтайды	
2	Қосу/сөнд. таңдаңыз.		(сөнд.)
3	Теңшелімді орындаңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) **Тек «тез салқындату» ғана** 3 немесе артық секунд бойы басып теңшеуді орындаңыз. (Дыбыстық сигнал)	Режим пиктограммасы іске қосылады. **Тек «тез салқындату» ғана** Жыпылықтайды	Режим пиктограммасы күту режимінің дисплейінде сөнеді.

батырмасы басылғанда пиктограмма төменде көрсетілген тәртіппен өзгереді.



Қосымша режимдердің жұмысы

	Қысқаша сипаттамасы	Операцияны болдырмаңыз	Дисплей
Ашық есікше сигналы	• Тоңазытқыштың есікшесі 1 минутадан артық ашық қалса, ашық есікшесінің дыбыстық сигналы бір рет естіледі, ал кейін сигнал 1 минуттан кейін тағы естіледі. • Егер тоңазытқыштың есікшесі шамамен 3 минутадан артық ашық қалатын болса, сигналы үзілмей естіледі. • Ескерту сигналы есікшені жапқаннан кейін дыбыс беруді тоқтатады.	Бір мезгілде ⏻ және ▲ 3 немесе артық секунд бойы басыңыз. (Дыбыстық сигнал)	Индикатор сөнеді.
Батырма іске қосылудың дыбысы	• Батырма іске қосылудың дыбысын сөндіру қажет болғанда.	Бір мезгілде ⏻ және ▲ 3 немесе артық секунд бойы басыңыз. (Дыбыстық сигнал)	Индикатор сөнеді.

Ескертпе • Қосымша режимді қосу қажет болса, осы қадамды тағы бір рет орындаңыз. (Индикатор іске қосылады.)

Температураны реттеу

Тоңазытқыш температураны автоматты түрде басқарады. Бірақ сіз температураны төменде көрсетілгендей реттей аласыз.

Ағымдағы температураның теңшелімін қалай тексеруге болады







Басқару панелі (SJ-XE55PM, SJ-XE59PM)



Пайдалы режимдер

Батырма	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
	Қосымша салқындату	СӨНД.
	Тез мұздату	
	Тез салқындату	
———	«Plasmacluster» ионизаторы	ҚОС.*

* «Plasmacluster» ионизаторы тоңазытқыш қуаттауы іске қосылғанда автоматты түрде жұмысын бастайды. Іске қосу/сөндіру қажеті жоқ.

Температураны реттеу

Батырма	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
R	Тоңазыту камерасының температурасын басқару	MIN MAX COLDEST
F	Мұздату камерасының температурасын басқару	

Ескертпе
- Егер индикатордың жануы қажет болса, «F» немесе «R» батырмасын басыңыз.

(«Plasmacluster» ионизаторын қоспағанда) пайдалы режимдердің операциялары

	Жұмысты бастаңыз	Операцияны болдырмаңыз
Қосымша салқындату	Режим батырмасын басыңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) 	Режим батырмасын басыңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) 
Тез мұздату	Режим батырмасын басыңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) 	Режим батырмасын басыңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) 
Тез салқындату	Бір мезгілде режим батырмасын 3 немесе артық секунд бойы басыңыз. (Дыбыстық сигнал) 	Режим батырмасын басыңыз. (Жалғыз дыбыстық сигнал) 

Ашық есікше сигналы

- Тоңазытқыштың есікшесі 1 минутадан артық ашық қалса, ашық есікшесінің дыбыстық сигналы бір рет естіледі, ал кейін сигнал 1 минуттан кейін тағы естіледі.
- Егер тоңазытқыштың есікшесі шамамен 3 минутадан артық ашық қалатын болса, сигналы үзілмей естіледі.
- Ескерту сигналы есікшені жапқаннан кейін дыбыс беруді тоқтатады.

Егер есікшенің ескерту сигналы сөнбесе

Егер барлық есіктерді жапқаннан кейін ашық есік сигналы тоқтамаса, онда бұл ақаулықты білдіреді. Қызмет көрсету үшін Sharp сервис орталығына жүгініңіз.

Ашық есік сигналын уақытша тоқтату тәсілі
- Бір мезгілде «R» және «F» батырмасын үзілместен 3 немесе артық секунд бойы басыңыз.
- Ашық есік сигналы шамамен 2 күннен кейін қайтадан естіледі.



Температураны реттеу

Тоңазытқыш температураны автоматты түрде басқарады. Бірақ сіз температураны төменде көрсетілгендей реттей аласыз.

Ағымдағы температураның теңшелімін қалай тексеруге болады

«F» немесе «R» батырмасын басу жолымен ағымдағы температураның деңгейін көрсету үшін индикатор жанады.

Мұздату камерасы: «F» батырмасын басыңыз.
Тоңазыту камерасы: «R» батырмасын басыңыз.

Мұздату/тоңазыту камерасын теңшеу

Мұздату камерасы

1. «F» батырмасын басыңыз.



2. Температура деңгейін өзгерту үшін «F» батырмасын басыңыз.

Тоңазыту камерасы

1. «R» батырмасын басыңыз.



2. Температура деңгейін өзгерту үшін «R» батырмасын басыңыз.

- Температура индикаторы төмендегі суретте көрсетілгендей (**3**→**4**→**5**→**1**→**2**→**3**), «F» немесе «R» батырмасын басу жолымен өзгереді.

Деңгейі	Индикатор
1	
2	
3 Әдепкі түрде теңшелім	
4	
5	

Ескертпе

- Температура деңгейін реттеуден кейін индикатор шамамен 5 секундтан кейін сөнеді.
- Температура теңшелімдері тіпті электр қуаттау іркілісінен кейін де біркелкі қалады.

Мұздату/тоңазыту камерасының кеңейтілген теңшелімдері

Тоңазыту мен мұздату камерасының температурасын 9 қадам (1 ~ 9 деңгей) арқылы реттеуге болады, (**a**) бастап (**b**) дейін қадамдарды орындаңыз.

Мұздату камерасы

a. Ең алдымен «F» батырмасын басыңыз. «F» батырмасын ұстап, 3 немесе артық секунд бойы «Тез мұздату» батырмасын басыңыз.



Индикатор «Әдепкі түрде теңшелімге» қайтып оралады.

b. Температура деңгейін өзгерту үшін «F» батырмасын басыңыз.

Егер температураны 5 деңгейде реттеу қажеттілігі болса, (**a**) бастап (**b**) дейін қадамдарды орындаңыз.

Тоңазыту камерасы

a. Ең алдымен «R» батырмасын басыңыз. «R» батырмасын ұстап, 3 немесе артық секунд бойы «Тез мұздату» батырмасын басыңыз.



Индикатор «Әдепкі түрде теңшелімге» қайтып оралады.

b. Температура деңгейін өзгерту үшін «R» батырмасын басыңыз.

Егер температураны 5 деңгейде реттеу қажеттілігі болса, (**a**) бастап (**b**) дейін қадамдарды орындаңыз.

- Температура индикаторы төмендегі суретте көрсетілгендей (**5**→**6**→**7**→**8**→**9**→**1**→**2**→**3**→**4**→**5**), «F» немесе «R» батырмасын басу жолымен өзгереді.



Деңгейі	Индикатор
1	
2	
3	
4	
5 Әдепкі түрде теңшелім	
6	
7	
8	
9	

Өнімдерді сақтау

Тоңазытқыш тамақ өнімдерінің бұзылу жылдамдығын төмендетеді. Тез бүлінетін өнімдердің сақтау мерзімін ұзарту үшін тамақ өнімдерінің сапасы мүмкіндігінше ең балғын болғанына көз жеткізіңіз. Кейін тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін ұзарту үшін көмекке арналған жалпы нұсқаулық беріледі.

Жемістер / Көкөністер

Ылғалдың жоғалуын барынша азайту үшін жемістер мен көкөністерді пластикалық материалға, орағыш таспаға, пакеттерге (жаппаңыз) қаптау немесе жемістер мен көкөністерге арналған контейнерге салу ұсынылады.

Сүт өнімдері және жұмыртқа

- Сүт өнімдері көбісінің қаптамасында өндірілген күні көрсетіледі, онда өнімді сақтау температурасы мен сақтау мерзімі ұсынылады.
- Жұмыртқаларды жұмыртқа ұстағышында сақтаған жөн.

Ет / Балық / Құс еті

- Тәрелке немесе подносты қойыңыз және қағазбен не полиэтилен үлдірмен жабыңыз.
- Үлкен кесек еттерді, балық немесе құс етін сөрелердің артқы жағына салыңыз.
- Барлық әзірленген тамақ дұрыстап қапталғанына немесе ауа өткізбейтін ыдысқа салынғанына көз жеткізіңіз.

Жақсырақ мұздату үшін

- Тамақ өнімдері балғын болуы тиіс.
- Тез қатуы үшін бір салғанда өнімдердің шағын мөлшерін қатырыңыз.
- Тамақ өнімдері тиісті түрінде немесе тығыз жабылуы тиіс.
- Тамақ өнімдері мұздату камерасында біркелкі салыңыз.
- Мұздатылған өнімдердің есебін жүргізу үшін пакеттер мен ыдыстарға затбелгі жабыстырыңыз.

Тоңазытқышта шық немесе қырау түзілуінің алдын алу үшін ұсыным

- Есік сенімді жауып ұстаңыз. Тамақ өнімдерінің төмен құлауы корпустың және есіктің арасында саңылау түзілуінің себебі болуы мүмкін. Оларды сөреге немесе бөлікке кейін салыңыз.
- Ылғал мөлшері мол тамақ өнімдерін қымтақты контейнерде немесе тығыз қапталған түрінде сақтау керек.

Ескертпе

- Салқындатушы ауаның тиімді айналымы қамтамасыз етілуі үшін өнімдерді сөрелерде біркелкі етіп салыңыз.
- Ыстық өнімдерді салар алдында суыту керек. Ыстық өнімдерді сақтау құрылғы ішіндегі температураны және өнімдердің бүліну қауіпін арттырады.
- Салқындатушы ауаның айналу жүйесінің шығу мен кіру саңылауларын өнімдерді, ыдыстарды немесе басқа заттарды қойып, бұғаттамаңыз, кері жағдайда өнімдер тоңазытқышта біркелкі суымайды.



⇦ **КІРУ**
➔ **ШЫҒУ**

Өнімдерді тура салқын ауа шығатын саңылау алдында қоймаңыз. Бұл өнімдердің қатуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Энергияны үнемдеу үшін көмексөз

- Желдету үшін тоңазытқыштың айналасында барынша мол кеңістікті қамтамасыз етіңіз.
- Сіздің тоңазытқышыңызға тікелей күн сәулелерінің әсерін болдырмаңыз және оны жылыту қондырғылары мен батареялардың жанында орнатпаңыз.
- Есіктің ашылуын барынша болдырмаңыз.
- Тоңазытқышқа салар алдында ыстық өнімдерді суыту керек.
- Салқындатушы ауаның тиімді айналымы қамтамасыз ету үшін өнімдерді сөрелерде біркелкі етіп салыңыз.

Электр қуатын тұтыну

Осы үлгінің энергия тұтыну шамасы тоңазытқыштар өнімділігінің халықаралық стандартына сәйкес өлшенген.
Егер тоңазытқыштың керек-жарақтары (көлеңкелі аясы) шығарылып жұмыс істейтін болса, онда ол аса энергия үнемдеу күйінде жұмыс істейді.



- Осы үлгінің энергия тұтыну мөлшері көлеңкелі аясында көрсетілгендей, керек-жарақтары шығарылып өлшенген.
- Осы үлгінің энергия тұтыну шамасы оң жақ суреттерде көрсетілгендей, бос кеңістік өлшемдерін сақтап өлшенген.



Күтім көрсету және тазалау

Маңызды

Ішкі қабаттарда және пластикалық бөлшектерде сызаттардың туындауын болдырмау үшін келесі ережелерді орындаңыз

- Пластмассалы бөлшектерден тағамдық майларды сүртіп алыңыз.
- Кейбір тұрмыстық тазартқыш химиялық препараттар тазартылатын беткі қабаттарды зақымдауы мүмкін, сондықтан ыдыс жууға арналған сұйытылған сұйықтықтарды (сабынды су) ғана пайдаланыңыз.
- Егер Сіз сұйытылмаған тазартқыштарды пайдалансаңыз немесе сабынды суды сүртпесеңіз, пластикалық бөлшектер шытынауы мүмкін.

Тазарту

- Камера мен есіктің керек-жарақтарын (мысалы, сөрелерді) алып тастаңыз. Оларды ыдыс жууға арналған сұйықтықтың жылы ерітіндісімен жуыңыз. Осынан кейін оларды жылы сумен жуыңыз және кептіріңіз. (Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған сөре алынбайды.)
- Ішкі жағын ыдыс жууға арналған сұйықтықтың жылы ерітіндісімен суланған матамен тазартыңыз. Кейін сабынды суды суық сумен мұқият шайыңыз.
- Ластанған сайын сыртқы жағын жұмсақ матамен сүртіп отырыңыз.
- Есік контурының магнитті тығыздауышын тазарту үшін тіс шөткесін және ыдыс жууға арналған сұйықтықтың жылы ерітіндісін пайдаланыңыз.
- Басқару панелін құрғақ матамен сүртіңіз.

Ескертпе

- Зақымдануды тудыра алатын белсенді тазартқыш құралдарды немесе еріткіштерді (лак, бояу, жылтыратқыш ұнтақ, бензин, қайнаған су және т. б.) пайдаланбаңыз.
- Егер сіз ашалық айырын суырып алсаңыз, ашалық айырын қайтадан қосар алдында кемінде 5 минуттай күтіңіз.
- Әрбір шыны сөренің салмағы шамамен 3 кг болады. Тоңазытқыш корпусынан шығарған немесе тасыған кезде мықтап ұстаңыз.
- Өнімдерді тоңазытқыштың ішіне лақтырмаңыз және ішкі қабырғасы бойынша соқпаңыз. Бұл ішкі қабаттың үстінде жарық туындауының себебі болуы мүмкін.

Еріту

Еріту энергияны үнемдеудің толығымен автоматты бірегей жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Камераның шамы жанып кетсе

Шамды ауыстыру үшін SHARP компаниясының сервис қызметін көрсету жөніндегі уәкілетті агентімен хабарласыңыз. Шамды тек білікті қызмет көрсетуші қызметкер ауыстыруы мүмкін.

Тасымалдау алдында

Буландырғыш науадағы суды сүртіңіз. Ашалық айырын ажыратқаннан кейін су сүртер алдында 1 сағаттан артық күтіңіз, себебі суыту кезеңінің жабдығы өте ыстық болады. (Буландырғыш науа құрылғының артқы жағында орналасқан.)



Сіздің тоңазытқышыңызды сөндіру

Егер тоңазытқышты ұзақ уақытқа сөндіру қажет болса, тамақ өнімдерін тоңазытқыштан шығарыңыз және ішкі беткі қабаттарын мұқият тазартыңыз. Ашалық айырын розеткадан суырып алыңыз да барлық есікшелерін ашық күйінде қалдырыңыз.

Сервис қызметіне жүгіну алдында

Сервис қызметіне жүгіну алдында келесіні тексеріңіз

Мәселе		Шешім
Камераның сыртқы бөлігі ұстаған кезде ыстық.		Бұл қалыптыжағдай. Тамшылартүзілуінің алдын алу үшін камерада ыстық құбыр бар.
Тоңазытқыштың шуы туындайды.		Егер ол келесі дыбыстарды шығаратын болса, тоңазытқыш үшін бұл қалыпты жағдай. • Іске қосқанкездекомпрессор қатты шу шығарады --- Біраз уақыттан кейін дыбысы төмендейді. • Компрессормен күніне бір рет жүргізілетін шу --- Ерітудің автоматтыүдерісінен кейін бірден жүргізілетін жұмыс дыбысы. • Ағып тұрған (бүлкілдеген,зуылдаған сұйықтықтың дыбысы) --- Құбырлар бойынша айналатын салқындатқыштың ағу дыбысы (әлсін-әлсін дыбыс қаттырақ болуы мүмкін). • Шытынақ немесе уатқыш дыбыс, сықырлағыш дыбыс --- Салқындату кезінде ішкі арақабырғалардың және ішінде болатын бөлшектердің кеңеюімен және тарылуымен жүргізілетін дыбыс.
Тоңазытқыштың сыртында немесе ішінде мұздануы немесе тамшылардың түзілуі орын алады.		Бұл келесі жағдайлардың біреуінде орын алуы мүмкін. Мұзын кетіру үшін ылғалды матаны және тамшыларды сүрту үшін құрғақ матаны пайдаланыңыз. • Ауа ылғалдылығы жоғары болған кезде. • Тоңазытқыш есікшелерін жиі ашқан және жапқан кезде. • Ылғалы мол болатынөнімдердісақтаған кезде . (Қаптама қажет).
Тоңазыту бөлімшесіндегі өнімдер қатады.	SJ-XP59PG	• Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы тоңазыту камерасының 0 °C орнатылғантемпературареттегішімен біргепайдаланыладыма? --- Температура реттегішін кері қарай 3 °C өзгертіңіз. • Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы мұздату камерасының -21 °C орнатылғантемпературареттегішімен біргепайдаланыладыма? --- Температура реттегіші кері қарай шамамен -18°C өзгертіңіз. • Тоңазыту камерасының температурасы 6 °C орнатылған болсада, айналасындағы төмен температурасы тамақ өнімдерінің қатыпқалуынтудыруымүмкін.
	SJ-XE55PM, SJ-XE59PM	• Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы тоңазыту камерасының MAX COLDEST -ке орнатылғантемпературареттегі шімен бірге пайдаланылады ма? --- Температура реттегішін басқа теңшелімге ауыстырып орнатыңыз. • Тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы мұздату камерасының MAX COLDEST -ке орнатылғантемпературареттегіш імен бірге пайдаланылады ма? --- Температура реттегішін басқа теңшелімге ауыстырып орнатыңыз. • Тоңазыту камерасының температурасы MIN -ға орнатылған болсада, айналасындағы төмен температурасы тамақ өнімдерінің қатып қалуын тудыруы мүмкін.
Бөлімшенің ішінде иісі бар.		• Күшті иісі бар өнімдерді орау керек. • Иіс кетіретін катализатор барлық иістерді кетіре алмайды.

Егер сервистік қызмет қажет болса

SHARP фирмасының қызмет көрсету жөніндегі Сізге ең жақынболатынуәкілетті агентіне жүгініңіз.

SHARP

SHARP CORPORATION